**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ 2021 – 2022 оқу жылындағы психологиялық қызмет бойынша Атқарылған екінші жартыжылдық жұмыстың есебі**

2022 жылдың 10 қаңтарында Zoom платформасы арқылы Атбасар ауданының педагог-психологтары әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті. Отырыста спикерлер қатысушылары «№ 4 ЖОББМ» КММ педагог-психологы «Жасөспірімдердегі мазасыздық көріністерінің ерекшеліктері», «Бастау А. №1 ЖББМ» КММ педагог-психологы «Мектеп басшыларына психологиялық кеңес» және «Садовое а. ЖОББМ» КММ педагог- психологы «Бағалау және бірінші терапевтік сессияны өткізу» тақырыптары бойынша өз жұмыс тәжірибелерімен таныстырылды. Отырыс педагогтарды аттестаттау, «тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс және т.б. мәселелер қаралды.






Қаңтар айының 28 күні мектебімізде директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары үшін «Жасөспірімдер арасындағы жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу» тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен шағын сұрақ-жауап және тренинг өтті.





Ақпанның 8 күні Zoom платформасы арқылы Атбасар ауданының білім беру мекемелерінің әдісері және педагог-психологтар 10-11 жас аралығындағы дарынды балаларды анықтау қабілеттерін диагностикалау әдістемесінің базалық курсы «4К» бойынша оқуға қатысты. Спикер қатысушыларды тестілеуді өткізудің техникалық жағымен таныстырды: тіркеуден өту, тестілеуге кіру және аяқтау.




2022 жылдың 11 ақпанында «№4 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ базасында Атбасар ауданының педагог-психологтарына арналған «Буллинг. Буллинг жағдайларын анықтау және жеңу бойынша педагог-психолог жұмысының негізгі аспектілері». Аталған тақырып бойынша Атбасар қаласының №1, № 2 және Тимашевка ауылының жалпы орта білім беретін мектептерінің педагог-психологтары сөз сөйледі.
Өткізілген іс-шаралар барысын ұсыныстар берілді, қатысушылар өз жұмыс тәжірибелерімен бөлісті.



14 ақпан мен 18 ақпан «Әлемге күлкі сыйла!» атты психология апталғын өтті. Психология апталығының ұраны: «Сіздің күлкіңіз әлемді өзгертсін, бірақ әлемге сіздің күлімсіреуіңізді өзгертуге жол бермеңіз!»

6,7,8 сынып оқушыларымен флешмоб арқылы жалпы мектепшілік психология апталығының ашылу салтанаты өткізілді. 1 қабатқа стенд қойылды. 1-4 сынып аралығында «Менің сыныбым-менің үйім» тақырыбына фотоколлаж инстаграм желісіне салынды. «Бақытты дос бол» атты тақырыбында сынып сағаттар 1-11 сынып аралығында өткізілді. «Бір шаңырақ астында!» 5 сыныптардың қатысуымен плакатқа суреттер салынды. 7 сынып оқушыларымен «Өзіңе жол» квест ойыны өткізілді. «Дос іздеймін» сенім жәшігі 1 қабатқа қойылды оқушылар достарына арнап хаттарын жазып салды.





Наурыздың айының 1күні «№3 ЖББМ» КММ базасында Атбасар аданының педагог-психологтар үшін «Педагогикалық ұжымда психологиялық денсаулықты арттыру үшін жағдай жасау» тренинг элементтері бар сабақ түрәнде психологиялық практикум. Психологиялық практикумға ШЖҚ «Атбасар ММБ» МКК дәрігер-психиатры З.К.Мұхамеджажанова қатысты, «Алдын алу және шешу жолдары». Семинардың екінші бөлімінде әріптестер стрессті, алаңдатушылықты және кәсіби күйзелісті жеңілдету бойынша сабақтар өткізді.



15 наурызда онлайн режимде Ақмола облысының білім басқармасы мен облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен Ақмола облысының білім беру мекемелерінің әдіскерлері, педагог-психологтар және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушылар үшін отырысы өтті. Отырыс барысында мектептерде тәрбие жұмысының қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер; мектептегі тәрбие жұмысын жоспарлау; Ақмола облысының психологиялық қызметінің жұмысын әдістемелік сүйемелдеу мәселелері қаралды.




15 наурызда Zoom платформасы арқылы Атбасар ауданының білім беру мекемелерінің педагог-психоллгтары «ДДҰ және ЮНИСЕФ әзірлеген және Қазақстанға бейімделген, жалпы және қолданбалы психология кафедрасы рецензияланған комикстер мен материалдарды пайдалана отырып, 5-8 сынып оқушыларын әлеуметтік – экономикалық оқыту» тақырыбы бойынша педагог – психологтардың әлеуетін арттыру үшін вебинарға қатысты. Спикер қатысушылардың назарына «кезектен тыс Майя және оның достары» бағдарламасының тұсаукесерін ұсынды және осы бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы түсінік берді.




Наурыздың 18 күні мектебіміздің 8 «Ә» сынып оқушысы Атамбай Ернұр жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық үшін ұсталып қалды. Мектебіміздің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Искакова мен педагог-психолог Ернұрдың үйіне барып АКТ толтырды. Оқушымен шағын әңгіме жүргізіліп, сауалнама алынды. ДТЖО мектепішілік және ювенальды полиция тобына тізімге қойды. Оқушымен жұмыс жасалып, мектепішілік іс-шараларға қатыстырып, әкімшілік және сынып жетекшінің жеке бақылауында қадағаланады.





25 наурыз күні жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста «Кибербулинг» ұғымымен таныстырылып, ата-аналарға мәлімет берілді.

Осы күні директор жанындағы кеңесте мектеп ұстазларына да «Кибербуллинг» жайлы айтылды.





29 наурызда «№1 ЖББМ» КММ базасында Атбасар ауданының педагог-психолог әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті. Отырыста «білім беру мекемелерінің кәселетке толмағандарға қатысты суицидтің мінез-құлықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі қызметі. Сондай-ақ, педагог-психологтар шығармашылық топтардың жұмысы, «тәуекел тобындағы» оқушылармен жүргізілетін жұмыс мәселелерін, кезектен тыс «Майя және оның достары» комикстерін қолдана отырып, «эмоцияларды басқару» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар талқыланды.



Наурыздың 31 нен бастап 5-8 сынып оқушылар арасында. Жасөспірімдер арасында психологиялық денсаулықты қамтамасыз етуге, психикалық аурулардың алдын алуға және қауіп-қатерлі мінез-құлықты азайтуға бағытталған «Майя және оның достары» комикс топтамасының 3 кезеңін бастады.





Наурыз айының 4-і мен  сәуір айының 6-сы аралығында педагог-психологтар арасында шығармашылық жұмыс жүргізілді. «Жыныстық қолсұғылмаушылық» тақырыбына презентация, мақалалар және жүргізіліп жатқан жұмыспен бөлістік.

8 сәуір күні 7 «А» сыныбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста зиянды әдеттер, балалардың ғаламторға тәуелділігі. Мектептегі балалардың тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін сақтауы туралы ата-аналарға айтылды. Мазалап жүрген сұрақтарына жауаптарын ала алды.






Сәуір айының 12 күні Аудандық ауруханаының психологы Г.Жаксылыкова және салауатты өмір салты кабинетінің медбикесі В.Щевченкомен «Репродуктивті денсаулық» тақырыбы бойынша 8-11 сынып қыздарымен ашық әңгіме өтті. Әңгіме барысында қыздарға жеке гигиена, қазақи тәрбиемізді сақтау жайлы айтылды.




Мамыр айының 5 күні 8 «А» сыны оқушысы Абылақ Нұрбақыттың үйіне барып АКТ толтырдық. Оқушының мектептен тыс құқықбұзуы бойынша ата-анасымен әңгіме жүргізіп, оқиғаның шешімін білуге бардық. Нұрбақыт мектепішілік тізімге қойылды. Сынып жетекшісінің және әкімшіліктің бақылауында жүр. Оқушы мектептен тыс іс-шараларға да белсенді қатысуда.




Мамыр айында даярлық топ бүлдіршіндерімен 1сыныпқа дайындығы тексерілді. Бүлдіршіндердің ой өрісінің дамуы, тіл тазалығы, есте сақтау қасиеттері бақыланды. Ата-аналарға мәліметтер беріліп, бірнеше бүлдіршін ПМПК кеңесіне жазылды.




2022 жылғы 17 мамырда  Zoom платформасы арқылы педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар және сынып жетекшілеріне арналған «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдына алу» тақырыбында аудандық семинар – практикум өтті. «№8 ЖОББМ» КММ педагог-психологы «Кәмелетке толмағандар

арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі» тақырыбынд өз тәжірибемен бөлісті. Практикум барысында жазғы демалыс және балалардың жазғы кезеңде жұмыспен қамтылуы. Жазғы мектептің жұмысы, балалардың жолдардағы қауіпсіздігі басқада мәселелер қозғалды.




18 мамыр күні 5 «А» сынып оқушыларымен «Буллинг. Кибербуллинг» тақырыбына дәріс өтті. Буллинг қалай пайда болады? Сыныптастарымызға, достарымызға қандай көмек қолын созу керек жөнінде мәліметтер берілді.




Мамыр айының 16-27 күндер аралығында «Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту: отбасы, мектеп, мансап» педагогтердің біліктілігін арттыру курсы өтті. Білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар бер жұмыстарын жүргізу, мектептегі оқу-тәрбие процесі жағдайында оқушылармен педагогтермен, мектеп әкімшілігімен және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттестік орнату арқылы қақтығыстық жағдайларды шеше білу бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында жүргізілді.

2021-2022 оқу жылы бойынша оқушылармен 34 психологиялық кеңес жүргізілді. Әр оқушыға кеңестер беріліп, мазалаған сұрақтарының шешімін таба алды.

8-11 сыныптар арасында «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бойынша 117 оқушы тест өтті. Тест жауаптары бойынша 8 оқушы «Тәуекел топта». Бұл топ бойынша әр оқушыға жеке жоспар құрылып жұмыстар жасалды. Проективті тест, 11 жартылай сұхбат, топтық жұмыс және оқу жыл барысында жеке бақылауда болды.


